


Бекітілді

№4 «Арман» ББ МККК

Заведующая

Подолько Н.Б.



Оқу жоспарына түсініктеме хат

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «№4 «Арман» балабақшасы» 2025-2026 оқу жылына арналған оқу жоспары құқықтық құжат болып табылады, ұйымдастырылған қызметтің көлеміне және уақытын белгілейді.

Балабақша ұйымдарының Типтік ережелеріне сәйкес, мектепке дейінгі ұйым өз қызметін келесі кезеңдерде ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Типтік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);

2) 1 маусымнан бастап 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

Балабақша аптасына бес күндік жұмыс тәртібімен жұмыс істейді.

2025-2026 оқу жылында Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын «№4 «Арман» балабақшасында 11 топ жұмыс істейді, олардың құрамы жас нормаларына сәйкес жасақталған:

Кіші топтар №10, 11 (екі жастан жоғары балалар);

Орта топтар №8, 9 (үш жастағы балалар);

Үлкен топтар №2, 5, 6 (төрт жастағы балалар);

Мектепалды дайындық топтары №1, 3, 4, 7 (бес жастағы балалар).

Оқу жоспары Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның «№4 «Арман» балабақшаның Жарғысына және нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу үдерісін ұйымдастыру, барлық жас топтарының тақырыптық жоспарларын әзірлеу мынадай құжаттар негізінде жүргізіледі:

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (2025 жылдың 23 қаңтарына өзгерістер енгізілген) ҚР мемлекеттік міндетті білім беру стандарты, Заңның 5-бабындағы 5-1 тармақшасына, 27-баптың 1-тармағына және ҚР Заңының 36-бабына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 11 маусымдағы №917 Жарлығымен белгіленген «ҚР мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген (2023 жылдың 7 тамызындағы №595 өзгертулер енгізіліп), мектеп жасына дейінгі ұйымдардың Типтік ережелері;

- Білім және ғылым министрлігі 2020 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген (2025 жылдың 16 қаңтарында өзгертілген) Типтік оқу жоспары;

- Білім және ғылым министрі 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (2022 жылдың 14 қазанында өзгертілген) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Типтік бағдарламасы;

- «Біртұтас тәрбие» тәрбиелік бағдарламасы;

- Қалааралық сарапшылық кеңес бекіткен және мектепке дейінгі ұйымдарда қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламалары.

Тәрбиеленушілердің тұлғасын жан-жақты дамыту төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- дене дамуы;

- қарым-қатынас дағдыларының қалыптасуы;

- танымдық және зияткерлік қабілеттердің дамуы;

- шығармашылық қабілеттерді дамыту, зерттеу қызметі;

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Балалардың дене дамуын қамтамасыз ету, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдылар мен зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылардың қалыптасуын мынадай ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы іске асыру көзделген:

1) дене шынықтыру (ООП-мен ауыратын тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене мәдениеті);

2) жүзу;

3) тіл дамыту;

4) көркем әдебиет;

5) сауат ашу негіздері;

6) қазақ тілі (басқа тілде оқытатын топта);

7) сезімдік даму;

8) математика негіздері;

9) құрастыру;

10) қоршаған ортаны тану;

11) сурет салу;

12) мүсін жасау;

13) жапсыру;

14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Жұмыс оқу жоспарының шеңберінде балалардың жас ерекшеліктеріне сай интеграцияланған ұйымдастырылған іс-әрекеттері көрсетілген.

Ұйымдастырылған қызметтердің саны мен ұзақтығы санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптарға сәйкес белгіленеді.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған қызметі мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысы жүргізеді. Сондай-ақ, №4 «Арман» балабақшасында бассейн болғандықтан, орта, үлкен және мектепалды дайындық топтарында «Жүзу» ұйымдастырылған қызметінің сабақтары өткізіледі.

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстың негізгі мақсаты балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру, физикалық тұрғыдан дамыту және өткен бағдарлама материалдарын бекіту болып табылады. Жаз мезгіліндегі балалардың денсаулығы нығайту жүйесі келесідей шаралардан тұрады:

- дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары (спорттық және қозғалыс ойындары, таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минутталары, музыкалық ырғақты қимыл-қозғалыстар, баланың өздігінен қозғалуы, ұсақ қол моторикасын дамытатын ойындар, тыныс алу жаттығулары, көз жаттығулары және басқалары);

- тамақтану тәртібін дұрыс ұйымдастыру;

- шынықтыру шаралары (күнге шығуы, жорықтар, серуендеу, жарыстар және т.б.).

«Тіл дамыту», «Көркем әдебиет» және «Қазақ тілі» ұйымдастырылған қызметтері (орта және үлкен топтарда аптасына бір реттен, мектепалды дайындық топтарында екі реттен өткізілетінін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның күнтізбесі бойынша) күнделікті режимге сәйкес түрлі бала әрекеттерінің түрлерінде ұйымдастырылады: сөйлеу, заттық, ойын, еңбек, көркемдік (педагогтың көркем әдебиетті оқыту, кітаптарды қарау, суреттерді қарап шығу), сахналау және еркін әрекет етумен қатар жүргізіледі.

Мектепке дейінгі балаларды мектепке даярлау мақсатында мектепалды дайындық топтарында аптасына үш рет «Сауат ашу негіздері» ұйымдастырылған қызметі өткізіледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту оқушылардың қарапайым танымдық және ғылыми-зерттеу қызметіне қажетті бастапқы дағдыларды игеруді қамтиды, бұл қоршаған ортамен өзара әрекеттесу үшін қажет болады.

Ерте жастағы балаларға сенсориканы дамыту үшін заттар мен ойыншықтарды өздігінен зерттеуге, түстерді, пішіндерді, көлемді, кеңістіктегі орналасуды ажыратуға және салыстыруға көп көңіл бөлінеді. Педагог балалардың өзіндік бақылауын, зерттеулерін, тәжірибелерін жүргізуіне көмектесетін бағыттаушы сұрақтар қояды.

Математика негіздерін ұйымдастыру мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу өнері, сахналық және еркін әрекеттер, құрастыру, тәжірибе жүргізу, математикалық мазмұндағы әңгімелерді айту, тағы басқа ойын түрінде өтеді. Мектепке дейінгі балаларды мектепке дайындау мақсатында мектепалды дайындық топтарында аптасына үш рет «Математика негіздері» ұйымдастырылған қызметі өткізіледі.

Қоршаған әлеммен танысу күнделікті режимге сәйкес, ойын түрінде, заттардың (тірі және өлі табиғаттағы объектілер) бақылауымен, заттарды зерттеу, материалдармен тәжірибе жасау, оқу (педагогтың тиісті ақпаратты оқу, кітаптарды қарау, суреттер көру), әңгіме өткізу, сөйлесу, ойын әрекеті арқылы жүргізіледі.

Қоршаған әлемге деген қызығушылықты ұлттық құндылықтармен байланыстырады, балаға «Мен кімін?» бейнесін қалыптастыра отырып, отбасы, әртүрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі жайлы білім беру, Отанға деген патриоттық сезімді тәрбиелеу, туған жердің тарихына құрмет көрсету, мәдени мұраға деген құрметті арттыру мақсат етіп қойылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күнделікті тек ұйымдастырылған қызмет аясында ғана емес, балалардың қызығушылығы ескеріле отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады. Балалар өздерінің

таңдауы бойынша бірнеше жұмыстар түрін немесе көпшілік келісімі бойынша барлығы бірдей бір жұмысты орындайды.

«Музыка» ұйымдастырылған қызметі апта сайын кіші және орта топтарда бір рет, үлкен және мектепалды дайындық топтарда екі рет музыкалық жетекші өткізеді, мектепке дейінгі ұйымның күнтізбесіне сәйкес жүргізіледі.

Қалыптан тыс түзету қызметі күніне бір рет арнайы жоспарға сәйкес тәрбиешілер, психологтер және логопедтермен шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасының мазмұны Типтік оқу жоспары мен Жалпы міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың стандартына сәйкес келеді және мыналарды қамтиды:

- 1) Тәрбие және білім берудің міндеттерін орындау;
- 2) Ұйымдастырушылық қызметті мазмұнды түрде өткізу;
- 3) Білім беру қызметін тиімді біріктіру;
- 4) Тәрбие мен оқыту үрдісінің сабақтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ету қағидаларын сақтау;
- 5) Ұйымдастырушылық қызметтің күтілетін нәтижелерін анықтау.

Ұйымдастырылған қызметтің жалпы көлемі:

- Екі жастағы балаларға – 4 сағат;
- Үш жастағы балаларға – 5 сағат;
- Төрт жастағы балаларға – 6 сағат;
- Бес жастағы балаларға – 20 сағат.

Балалардың физикалық белсенділігін арттыру мақсатында қозғалмалы ойындарға басымдық беріледі, соның ішінде ұлттық ойындарды ойнату қарастырылған, сонымен қатар баланың таңғы уақытта, таңғы ас кезінде, серуендеу барысында, ұйқыдан кейін өздігінен қозғалу мүмкіндігі жасалады.

Жаз мезгілі өнертапқыштық, денсаулық сақтауға бағытталған, өзара қарым-қатынасқа мүмкіндік беретін, ойындарға, ұжымдық және жеке еңбектің түрлерін, көңілді шақтардың, тәжірибелік-эксперименттік қызмет түрлерінің болуына ықпал етеді.